

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
КеАҚ «Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
НАО «ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА»

MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
NJSC «L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY»



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА КҮНІНЕ АРНАЛҒАН
«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАСЫ:
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫ**

**МЕЖДУНАРОДНАЯ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКАЯ КОНФЕРЕНЦИЯ,
«НАЦИОНАЛЬНАЯ ВАЛЮТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН:
ЭКОНОМИЧЕСКИЙ РОСТ И ФИНАНСОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ»
ПОСВЯЩЕННАЯ ДНЮ НАЦИОНАЛЬНОЙ ВАЛЮТЫ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE,
«NATIONAL CURRENCY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN:
ECONOMIC GROWTH AND FINANCIAL TECHNOLOGIES»
DEDICATED TO THE DAY OF THE NATIONAL CURRENCY
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**



13 ҚАРАША, 2024 АСТАНА

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА**

**MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY**



**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ
ВАЛЮТАСЫ: ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ ЖӘНЕ
ҚАРЖЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ»**

**Қазақстан Республиканың ұлттық валюта күніне арналған
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ ЖИНАҒЫ**

13 қараша 2024 жыл

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

**Международной научно-практической конференции,
«НАЦИОНАЛЬНАЯ ВАЛЮТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН:
ЭКОНОМИЧЕСКИЙ РОСТ И ФИНАНСОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ»
посвященной дню Национальной валюты Республики Казахстан
13 ноября 2024 год**

COLLECTION OF MATERIALS

**International scientific and practical conference,
«NATIONAL CURRENCY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN:
ECONOMIC GROWTH AND FINANCIAL TECHNOLOGIES»
dedicated to the Day of the National Currency of the Republic of Kazakhstan
November 13, 2024**

ASTANA, 2024

УДК 336.743 (574)
ББК 65262.6 (5Қаз)
Ж 14

«Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасы: экономикалық өсу және қаржы технологиялары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы = Международная научно-практическая конференция «Национальная валюта Республики Казахстан: экономический рост и финансовые технологии» = International scientific and practical conference «National currency of the Republic of Kazakhstan: economic growth and financial technologies» - Астана: – 688 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-82-2

Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы күніне арналған "Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы: экономикалық өсу және қаржы технологиялары" тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағында жас ғалымдар, докторанттар, магистранттар мен студенттер өткізген өзекті және проблемалық мәселелер бойынша авторлық зерттеулердің нәтижелері ұсынылған. Басылым студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, сондай-ақ қазіргі ғылымның өзекті мәселелерімен айналысатын оқырмандардың кең ауқымына арналған.

В сборнике материалов международной научно-практической конференции, посвященный дню национальной валюты Республики Казахстан на тему «НАЦИОНАЛЬНАЯ ВАЛЮТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН: ЭКОНОМИЧЕСКИЙ РОСТ И ФИНАНСОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ» представлены результаты авторских исследований по актуальным и проблемным вопросам, проведенных молодыми учеными, докторантами, магистрантами и студентами. Издание предназначено для студентов, магистрантов, докторантов, а также для широкого круга читателей, занимающихся актуальными проблемами современной науки.

The collection of materials from the international scientific and practical conference dedicated to the Day of the National Currency of the Republic of Kazakhstan on the topic "NATIONAL CURRENCY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN: ECONOMIC GROWTH AND FINANCIAL TECHNOLOGIES" presents the results of the author's research on current and problematic issues conducted by young scientists, doctoral students, master's students and students. The publication is intended for students, master's students, doctoral students, as well as for a wide range of readers involved in current issues of modern science.

УДК 336.743 (574)
ББК 65262.6 (5Қаз)

ISBN978-601-7697-82-2

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024

УДК 336.743 (574)
ББК 65262.6 (5Қаз)
Ж 14

Рецензенттер:

Алина Г.Б. - ҚР БҒМ БҒСБК қауымдастырылған профессоры, Esil University мекемесінің «Бизнес және басқару» факультетінің деканы

Мажитов Д.М. – экономика ғылымдарының кандидаты, «Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КЕАҚ профессоры

Редакциялық алқа:

Жағыпарова А.О. – экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Экономика факультетінің деканы, Астана қ.

Мақыш С.Б. – экономика ғылымның докторы, профессор, Esil университетінің бірінші проректоры – академиялық мәселелер жөніндегі проректор, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ диссертациялық кеңесінің төрағасы, Астана қ.

Бұлақбай Ж.М. – экономика ғылымдарының кандидаты., доцент, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Қаржы» кафедрасының меңгерушісі, Астана қ.

Майдырова А.Б. – экономика ғылымның докторы, профессор, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Экономика және кәсіпкерлік» кафедрасының меңгерушісі, Астана қ

Сембиева Л.М. – экономика ғылымның докторы, профессор, ЕҰУ «Мемлекеттік аудит» кафедрасының меңгерушісі. Л.Н.Гумилева, Астана қ.

Аманова Г.Д. - экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Есеп және талдау» кафедрасының меңгерушісі. Л.Н.Гумилева, Астана қ.

Муталиева Л.М. – экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Туризм» кафедрасының меңгерушісі. Л.Н.Гумилева, Астана қ.

Мухияева Д.М. –Phd докторы қауымдастырылған профессоры, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Менеджмент» кафедрасының меңгерушісі. Л.Н.Гумилева, Астана қ.

ISBN 978-601-7697-82-2

«Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасы: экономикалық өсу және қаржы технологиялары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. – Астана: "Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті"КЕАҚ, 2024. – 699

Сборник трудов международной научно-практической конференции «Национальная валюта Республики Казахстан: экономический рост и финансовые технологии» . – Астана: НАО «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева», 2024. – 699

Works of the International scientific and practical conference «National currency of the Republic of Kazakhstan: economic growth and financial technologies» . – Astana: NAO "L.N. Gumilyov Eurasian National University", 2024. – 699

ISBN 978-601-7697-82-2

УДК 336.743 (574)
ББК 65262.6 (5Қаз)

© "Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті"КЕАҚ, 2024
© НАО «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева», 2024
© NAO "L.N. Gumilyov Eurasian National University", 2024

Fourth, the Role of the Tenge in Imports and Exports. The role of the tenge is determined by its impact on the economy through imports and exports.

The tenge's role in exports and imports shapes the structure of the Kazakhstan economy. Kazakhstan is rich in raw materials, with its exports primarily consisting of oil, gas, metals, grain, and agricultural products. A decline in the tenge's exchange rate enhances the competitiveness of domestic products in foreign markets. For instance, if the tenge depreciates against foreign currencies, it becomes cheaper for exporters to sell their goods abroad.

An increase in export volume boosts tax revenues for the state budget, allowing for the funding of social and infrastructure programs.

Conversely, a depreciation of the tenge raises the prices of imported goods, negatively affecting the purchasing power of the population. The rising cost of imports can exacerbate inflation and lead to economic instability.

Changes in imports also impact exports, as Kazakhstan's economy relies on imported raw materials and components for many production processes.

Conclusion

The tenge is a fundamental element of the Kazakhstan economy. Its influence on inflation, exchange rates, exports, and imports is significant. Ensuring the stability of the tenge, controlling inflation, and maintaining economic stability are key tasks for Kazakhstan's socio-economic development. Therefore, government agencies and the National Bank must continue to implement comprehensive measures aimed at stabilizing the tenge.

List of sources used:

1. https://kk.wikipedia.org/wiki/Қазақстан_теңгесі (1)
2. <https://stat.gov.kz/industries/economy/prices/publications/184951/> (2)
3. <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-aitekebi/press/news/details/230022> (3)
4. <https://nationalbank.kz/file/download/8943> (4) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1900000203>
5. <https://www.nationalbank.kz/kz/news/informacionnye-soobshcheniya/17041> (5)
6. https://kk.wikipedia.org/wiki/Пайыздық_мөлшерлеме (6)
7. <https://nationalbank.kz/kz/news/informacionnye-soobshcheniya/17094> (7)
8. https://kk.wikipedia.org/wiki/Қазақстан_экономикасы (8)
7. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000511> (9)
8. [Покупка/продажа иностранной валюты | Национальный Банк Казахстана](#) (10)
9. [Мөлшерлемені Ұлттық банк тағы да төмендетті](#) (11)

ӘОЖ 336.1

ӨНІРЛЕРДІҢ БЮДЖЕТ ҚАРАЖАТЫН ПАЙДАЛАНУ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ (АБАЙ ОБЛЫСЫ МЫСАЛЫНДА)

Журтыбаева И.С.

8D04114 «Қаржы» білім беру бағдарламасының докторанты,
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: indira.zhurtybaeva@mail.ru

Бұлақбай Ж.М.

«Қаржы» кафедрасының доценті, э.ғ.к.,
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: bulakbay_zhannat@mail.ru

Федорова И.Ю.

«Қаржылық менеджмент және қаржылық құқық» кафедрасының профессоры, э.ғ.д.,
«Ю. М. Лужков атындағы Мәскеу Үкімет басқармасы Мәскеу қалалық Университеті»
Жоғары білім беретін мемлекеттік дербес білім беру мекемесі, Мәскеу қ., Ресей

Аңдатпа: Мақалада ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігі өңірлердің серпінді және орнықты дамуы қарастырылған. Барлық деңгейдегі бюджеттік жүйенің басты міндеті бюджет қаражатын өңірлік деңгейде тиімді жұмсау, бірінші кезекте экономиканың дамуын ынталандыру және халық алдындағы әлеуметтік міндеттемелерді бұлжытпай орындау болып табылады. Жергілікті бюджеттердің табыстары мен шығыстарын қалыптастыру қағидалары жалпы бюджет жүйесін құру қағидаларына негізделген. Жергілікті атқарушы органдарға жүктелген міндеттерге сәйкес жергілікті бюджеттер арқылы жергілікті бағдарламалар, сонымен қатар онымен байланысты басқа да бағдарламалардың қаржыландырылуы қалай жүзеге асырылғандығы қарастырылған.

Кілт сөздер: жергілікті бюджеттер, бюджетаралық қатынастар, бюджет кірістері, бюджеттің салықтық түсімдері, өңірдің қаржылық қамтамасыз етілуі, жергілікті атқарушы орган.


Аннотация: В статье конкурентоспособность экономики страны обеспечивается динамичным и стабильным развитием регионов. Основной задачей бюджетной системы всех уровней является эффективное расходование бюджетных средств на региональном уровне, прежде всего, на стимулирование развития экономики и выполнение социальных обязательств перед народом. Принципы формирования доходов и расходов местных бюджетов основаны на принципах формирования общей бюджетной системы. В соответствии с задачами, возложенными на местные исполнительные органы, рассматривается порядок осуществления финансирования местных программ, а также других сопутствующих программ за счет местных бюджетов.

Ключевые слова: местные бюджеты, межбюджетные отношения, доходы бюджета, налоговые доходы бюджета, финансовая поддержка региона, местный исполнительный орган.

Abstract: In the article, the competitiveness of the country's economy is ensured by the dynamic and stable development of the regions. The main task of the budget system at all levels is the effective spending of budget funds at the regional level, primarily to stimulate economic development and fulfill social obligations to the people. The principles of formation of income and expenditure of local budgets are based on the principles of formation of the general budget system. In accordance with the tasks assigned to local executive bodies, the procedure for financing local programs, as well as other related programs at the expense of local budgets is considered.

Keywords: local budgets, interbudgetary relations, budget revenues, budget tax revenues, financial support of the region, local executive body.

Қазақстан Республикасының аймақтық бірегей бюджеті жергілікті бюджет бола отырып, елдің бюджет жүйесінің дербес буыны болып табылады. Жергілікті бюджеттердің өзіндік табыстары салықтық және салықтық емес түсімдерден құрылады [1].



Сурет 1 - 2021-2023 жылдардағы жергілікті атқарушы органдардың кірістерінің % үлес салмағы (трансферттерсіз)

**авторлар 2023 жылға арналған республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есеп негізінде құрастырған*

Ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігі өңірлердің серпінді және орнықты дамуына байланысты. Барлық деңгейдегі бюджеттік жүйенің басты міндеті бюджет қаражатын өңірлік деңгейде тиімді жұмсау, бірінші кезекте экономиканың дамуын ынталандыру және халық

алдындағы әлеуметтік міндеттемелерді бұлжытпай орындау болып табылады. 2023 жылдың қорытындысы бойынша жергілікті бюджетке түсімдер - 13 992,2 млрд теңгені, шығыстар - 13 713,6 млрд теңгені құрады. Ұлттық статистика бюросының ақпараты бойынша жоғары экономикалық әлеуетке ие өңірлер: Атырау облысы – жан басына шаққандағы 214 мың теңге жалпы өңірлік өнімнің 21 401,2 мың теңгесі, Алматы қаласы – 11 310,4 мың теңге, Астана қаласы – 9 247 мың теңге, Ұлытау облысы – 8 802,1 мың теңге. Өз кезегінде әлеуеті төмен – Түркістан облысы – 1 955,5 мың теңге, Жамбыл облысы – 2 547,1 мың теңге, Жетісу облысы – 2 754,6 мың теңге [2].

Аумақтардағы қаржылық дербестік көрсеткіштерін жақсарту және болашақта донор өңірлердің дамуы үшін өңірлерге үлкен дербестік беру және салық саясатына көңіл аудару қажет. Бұл ретте салықтық әлеуетті дамытуға өңірлердің іскерлік белсенділігін салықтық ынталандыру есебінен салықтық әлеуетті арттыруға бағытталған Үкімет жүргізетін саясат ықпал етуі тиіс және өңірлердің кірістерін арттыру құралдардың бірі - жаңа жобаларды іске асыру, инвестициялар тарту болуға тиіс. Бюджеттің кіріс бөлігінің республикалық деңгейде орындалуын қамтамасыз ету бойынша бар проблемаларды ескере отырып, ЖАП (Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы) бағалауы бойынша әрбір қосымша резерв елдің мемлекеттік функцияларын уақтылы және сапалы іске асыруды қамтамасыз ете отырып, республикалық бюджеттің жүктемесін төмендетуге мүмкіндік берер еді. Осыған байланысты, ЖАП бағалау барысында анықталған сомасы 1 трлн теңге ЖАО-ның қосымша резервтері қаншалықты тиімді пайдаланылды деген сұрақ туындайды.

2021-2023 жылдарды талдау 3 жаңа облысты қоспағанда, көптеген өңірлерде жергілікті бюджеттердің болжамды жоспарларының жүйелі түрде асыра орындалуын көрсетіп отыр, бірақ ең жоғары асыра орындау 9 өңірде байқалады (орта есеппен 120-170% шегінде), Астана қаласы – 148,4%, Шымкент қаласы – 141,2%, Түркістан облысы – 138,4%, СҚО – 135,9%, Алматы қаласы – 131,6%, Ақтөбе облысы – 130,6%, Қостанай және Батыс Қазақстан облыстары – 130,2%, Ақмола облысы – 129,8%. (Сурет 1 көрініс тапқан) [3]. Бүгінгі таңда республикада 6 295 ауылдық елді мекен (бұдан әрі-АЕМ) бар, онда 7,5 млн ауыл тұрғыны, халықтың жалпы санының 38%-ы тұрады. Осыған байланысты, ЖАП АЕМ-нің инфрақұрылымын дамытуға бағытталған «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы шеңберінде ЖАО-лардың бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруына бағалау жүргізді.

Есепті кезеңде «Ауыл – Ел бесігі» жобаларына 91,9 млрд теңге бөлінген, 89,4 млрд теңгесі атқарылған (бөлінген қаражаттың жалпы көлемінің 97,2%-ы), атқарылмау 2,53 млрд теңгені құраған, соның ішінде үнемдеу – 0,04 млрд теңге, игерілмеу – 2,46 млрд теңге. Ұлттық экономика министрлігінің мәліметтері бойынша, «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы бойынша 2019-2022 жылдары республикалық бюджеттен 326 млрд теңге бөлініп, 3,7 мыңнан астам жоба іске асырылған. Бұл бағдарлама бойынша 2023 жылға тағы 218 млрд теңге бөлінген [3].

Кесте 1 - 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша «Ауыл-Ел бесігі» жобасы шеңберінде РБ және ҰҚ-дан өңірлерге бөлінген нысаналы трансферттер туралы ақпарат, млрд теңге

Өңірлердің атауы	Жобалар саны	Бөлінгені	Атқарылғаны	Атқарылу %	Игерілмегені
БАРЛЫҒЫ:	434	91,9	89,4	97,2	2,46
Абай облысы	16	3,30	3,30	99,9	-
Ақмола облысы	32	6,51	6,35	97,6	0,16
Ақтөбе облысы	24	4,44	4,17	93,9	0,27
Алматы облысы	25	9,08	8,60	94,7	0,48
Атырау облысы	18	4,02	4,01	99,7	0,01
ШҚО	11	4,33	4,33	100,0	-
Жамбыл облысы	45	7,19	7,07	98,3	0,12
Жетісу облысы	15	4,88	4,86	99,6	-

БҚО	14	4,05	3,84	94,9	0,21
Қарағанды облысы	12	3,65	3,60	98,6	0,05
Қызылорда облысы	63	6,11	6,09	99,8	-
Қостанай облысы	19	5,53	5,31	96,1	0,22
Маңғыстау облысы	20	4,21	3,90	92,6	0,31
Павлодар облысы	18	3,74	3,12	83,4	0,62
СҚО	20	4,97	4,96	99,9	-
Түркістан облысы	79	14,4	14,4	100,0	-
Ұлытау облысы	3	1,42	1,39	97,9	0,03

Дереккөз: 2023 жылға арналған республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есеп

Абай облысы бойынша 2023 жылы Ауыл-Ел бесігі жобасына ҰҚ-дан нысаналы даму трансферттерімен 3,30 млрд теңге бөлінген, игерілгені – 3,30 млрд теңге немесе 99,9%.

Есепті кезеңде іске асырылған 16 жобаның: 6-ауы – аяқталған, 9-ы – 2024 жылға ауысатын, 1-еуі – аяқталмаған, соның ішінде:

Жоба	Себептері
Бородулиха ауданы Бородулиха ауылында дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу	Аяқталмаған. 2021 жылы ҰҚ-дан 477,5 млн теңге бөлініп, игерілді. 2022 жылы ҰҚ-дан 355,8 млн теңге бөлінді, 154,7 млн теңге игерілді (43,5%). 2023 жылы ҰҚ-дан 160,3 млн теңге бөлініп, игерілді. Жоба жұмыс кестесінің артта қалуына байланысты аяқталған жоқ. (13.11.2023 ж. № ОЭ-0652/23 ЖСҚ-ға МС, жобаның құны - 1594,1 млн теңге).

Дереккөз: 2023 жылға арналған республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есеп

Абай облысында жекелеген бағыттар бойынша мемлекеттік қаражаттың, сондай-ақ «Семей» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ активтерінің пайдаланылу тиімділігіне жүргізілген мемлекеттік аудиттің алдын ала қорытындылары бойынша мынадай кемшіліктер анықталды:

- мемлекеттік жоспарлау жүйесі шеңберінде бағдарламалық құжаттардың сапасыз жоспарлануы және мониторингі (Облысты дамыту жоспарымен Кешенді жоспардың 48 іс-шарасының қайталануы, жекелеген жобаларды іске асыру мерзімдерінің алшақтау фактілері, соның ішінде: «Құрамында алтыны бар шикізатты электрохлоринациялау технологиясымен тәжірибелік металлургия зауытын салу» Кешенді жоспарда – 2024 жыл, Облысты дамыту жоспарында - 2025 жыл, 46 индикатор және 195 іс-шара бойынша (2022 жылы 35 индикатор және 3 іс-шара бойынша, 2023 жылы-11 индикатор және 192 іс-шара бойынша) көрсеткіштердің нақты және жоспарлы мәндерінің сәйкес келмеу себептері туралы қысқаша ақпарат жоқ);

- халық саны 16,5 мың адам 29 АЕМ (325 АЕМ-нен) және 26,7 мың адам Семей қаласында орталықтандырылған сумен қамтамасыз етілмеген (Абай облысы бойынша субұру желілерінің тозуының өсуі 2022 жылғы 69,6% - дан 2023 жылы 71,3% - ға дейін); - Энергетика басқармасы, сондай-ақ қалалық және аудандық ТКШ бөлімдері тарапынан жылумен жабдықтау желілері мен жылу көздерінің техникалық жай- күйін жеткіліксіз есепке алу (Семей қаласының оң жағалауында сағатына 147 Гкал жылу энергиясының тапшылығы байқалады);

- сумен жабдықтау және жылумен жабдықтау объектілерінің сомасы 8,1 млрд теңге негізгі құралдары «Семей су арнасы» МКК пайдаланушы ұйымдарына жәнесомасы 32,1 млрд теңге «Теплокоммунэнерго» МКК-ға берілмеген және Семей қаласының құрылыс және ТКШ бөлімдерінің балансында көрсетілген.

БИЖ-ді іске асырудағы кемшіліктер, 2022-2023 жылдары 60 объекті немесе жалпы санының 27,5%-ы пайдалануға берілмеген (25 сумен жабдықтау жобасы, 9 жылумен

жабдықтау жобасы, 14 тұрғын үй құрылысы жобасы, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым - 4 жоба, электрмен жабдықтау -2 жоба, басқалары-6 жоба), мысалы, 2023 жылы Семей қаласының 1 734,2 млн теңгеге салынған «Орталық» қазандығы техникалық регламентке сәйкес келмеуіне байланысты пайдалануға берілмеген, ауданы 0,1075 га «Өскемен Спецкоммунтранс» ЖШС-нен жер учаскесін сатып алу жүзеге асырылмаған; - жалпы сомасы 1 782,4 млн теңгеге құрылыс, реконструкциялау және күрделі жөндеу объектілерінде орындалмаған жұмыстар үшін мердігер ұйымдарға негізсіз ақы төлеу фактілері анықталды. Мысалы, Құрылыс басқармасы 2023 жылы «ARMADA QURULYS» ЖШС мердігерлік ұйымына орындалмаған жұмыстар үшін және облыстық прокуратура ғимаратын күрделі жөндеу бойынша жабдықтарды жеткізбегені үшін сомасы 558,2 млн теңге (1 516,3 млн теңге жалпы төлем сомасынан) төлем жүргізген; - «Семей» ӘКК» АҚ қызметінің төмен тиімділігі» (азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қоры толық көлемде қалыптастырылмаған, 19 әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларынан өнім 8 түрі бойынша (42,1%) нақты сатып алынған, «Семей ӘКК» АҚ тұрақтандыру қорын қалыптастыру бойынша бөлінген 2 млрд теңгенің 1,3 млрд теңгесіне немесе 65%-ына өнім жеткізуге шарт жасалды, нысаналы мақсаты бойынша емес қаражат салықтарды (КТС және ҚҚС) төлеуге бағытталған - 646 млн теңге, 55 млн теңге игерілмеді); - жосықсыз қарыз алушыға кепілмен қамтамасыз ету болмаған кезде кредит беру («Қалиханұлы» ШҚ қарыз алушысы жеткізілетін сүт сапасының ГОСТ 9225-84 -ке сәйкес келмеуіне байланысты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде көрсетілген) [3].

Ұлттық статистика бюросы елдегі ауылдардың саны азайып бара жатқанын айтты. Шілде айындағы дерек бойынша елде 6 2295 ауыл бар екен. Бұл бір жыл бұрынғыдан 78 ауылға аз. Ауылдардың азаюы елдегі ауылдық аймақтардың экономикалық жағдайының нашарлауының белгісі. Ауыл тұрғындарының саны 2024 жылы ауыл тұрғындарының ең көп тіркелген 2008 жылмен салыстырғанда 9,1 пайыз азайды. Қазір 3,5 млн-ға жуық ауыл тұрғыны еліміздегі үш ірі қаланың маңына ғана шоғырланған. Бұлай тек белгілі бір ірі мегаполистерге шоғырлану да экономикалық теңсіздікке әкеп соқтырады. «Ауыл – ел бесігі» және басқа да бағдарламалары ауылдарды толықтай жандандыру үшін жеткіліксіз. Бұл бағдарламалардың толыққанды жүзеге асуы үшін қосымша ресурстар мен нақты нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған шаралар қажет. Сондықтан үкімет болашақта ауыл халқының жағдайын арттыруға қатысты шынайы реформаларды қолға алуы керек.

Ауыл халқының тұрмыс деңгейінің төмендігі, жұмыссыздық және әлеуметтік инфрақұрылымның дамымауы экономикаға айтарлықтай кері әсер етеді. Бұл ретте әлеуметтік инфрақұрылымдарды дамытуға салынатын мемлекеттік қаржы қаншалықты нәтижелі?! Жол, мектеп, балабақша, аурухана, интернет жүйесі, мәдени-спорттық кешендер сияқты әлеуметтік инфрақұрылымдар негізінде «халықты көбейтеміз, елдің жағдайын көтереміз» деген біржақты пікірлер неге нәтиже бермей отыр? Осы сұрақтарға атқарушы билік нақты жауап беруі керек [4].

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қ.С. Мухтарова, Г.С. Смағұлова «Аймақтық экономиканы басқару» Оқу құралы, А., 2020. [Электрондық ресурс]. – URL: <https://knigogid.ru/books/1510499-aymaty-ekonomikany-basaru?ysclid=m2jb0aanpa901454064>;
2. Правительство Республики Казахстан. Заключение к отчету Правительства Республики Казахстан. Об исполнении республиканского бюджета за 2022 год. [Электрондық ресурс]. – URL: –<https://www.gov.kz/memleket/entities/esep/documents/details/485211> (қаралған күні 19.10.2023);
3. 2023 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы қазақстан республикасы үкіметінің есебіне жоғары аудиторлық палатаның қорытындысы. [Электрондық ресурс]. – URL: –
https://www.gov.kz/uploads/2024/6/24/b901f2771779e118b0b60f17e672b3f9_original.4614446.pdf?ysclid=m2jb4apw2u353828688;

4. Қайрат Бодаухан, экономист-ғалым: Қазынада қаржы азайса, жалақы кешігіп қана қоймайды, экономикалық жүйе бұзылады <https://zhasalash.kz/news/kayrat-bodauhan-eknomist-galim-kazinada-karzhi-azaysa-zhalaki-keshgp-kana-koymaydi-ekonomikalik-zhuye-buziladi-7ee9ed/>.

УДК 336.025

ТЕНГЕ НА БЛОКЧЕЙНЕ: КАК СМАРТ-КОНТРАКТЫ ИЗМЕНЯТ МОНЕТАРНУЮ ПОЛИТИКУ?

Забекова Д.А

студент, Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, г.Астана, Республика Казахстан

E-mail: dzabekova@bk.ru

Научный руководитель: к.э.н. Ажмухамедова А.А.

Аңдатпа. Мақалада блокчейн технологиясына негізделген цифрлық теңгенің енгізілуі және оның Қазақстанның ақша-несие саясатына ықтимал әсері талқыланады. Сандық ұлттық валюта тұжырымдамасы, сондай-ақ қаржылық транзакцияларды автоматтандыру үшін смарт-келісімшарттарды пайдаланудың негізгі аспектілері талданады. Зерттеу транзакциялық шығындарды азайтуды, ашықтықты арттыруды және ақша айналымын бақылауды қоса алғанда, цифрлық теңгенің артықшылықтарын көрсетеді, бұл ақша массасын және инфляциялық таргеттеуді дәлірек басқаруға ықпал етеді. Бюджет қаражатының мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз ету және салық жинауды автоматтандыруда смарт-келісімшарттардың әлеуетіне ерекше назар аударылады. Сондай-ақ мақалада еліміздің экономикалық жүйесіне цифрлық теңгені тиімді енгізу үшін ескеру қажет киберқауіпсіздік, реттеу және инфрақұрылымды бейімдеу сияқты негізгі міндеттер атап өтілген.

Негізгі сөздер: цифрлық теңге, блокчейн, смарт келісімшарттар, ақша-несие саясаты, cbdc, деректерді криптографиялық қорғау, киберқауіпсіздік.

Аннотация. В статье рассматривается введение цифрового тенге на базе технологии блокчейн и его возможное влияние на монетарную политику Казахстана. Проанализированы концепция цифровой национальной валюты, а также ключевые аспекты применения смарт-контрактов для автоматизации финансовых операций. Исследование подчеркивает преимущества цифрового тенге, включая снижение транзакционных издержек, усиление прозрачности и контроля над денежным обращением, что способствует более точному управлению денежным предложением и инфляционным таргетом. Особое внимание уделено потенциалу смарт-контрактов в обеспечении целевого использования бюджетных средств и автоматизации налоговых сборов. В статье также выделены основные вызовы, такие как кибербезопасность, регулирование и адаптация инфраструктуры, которые необходимо учитывать для эффективного внедрения цифрового тенге в экономическую систему страны.

Ключевые слова: цифровой тенге, блокчейн, смарт-контракты, монетарная политика, cbdc, криптографическая защита данных, кибербезопасность.

Abstract. The article discusses the introduction of a digital tenge based on blockchain technology and its possible impact on the monetary policy of Kazakhstan. The concept of a digital national currency, as well as key aspects of the use of smart contracts to automate financial transactions, are analyzed. The study highlights the advantages of a digital tenge, including reduced transaction costs, increased transparency and control over money circulation, which contributes to more accurate management of the money supply and inflation target. Particular attention is paid to the potential of smart contracts in ensuring the targeted use of budget funds and automation of tax collection. The article also highlights the main challenges, such as cybersecurity, regulation and adaptation of infrastructure, which must be taken into account for the effective implementation of the